

*Ғылыми-әдістемелік журнал
Научно-методический журнал*

2 (3) 2006



**АҚТӨБЕ МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
Х А Б А Р Ш Ы С Ы**

**В Е С Т Н И К
АКТЮБИНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА**

М.Ғ. Арыновтың қазақ мектебінің мәртебесін көтеру туралы ой-пікірлерінің деонтологиялық негіздері

Ғ.М. Кертаева
(Павлодар)

Мектептің арқасындағы жүгі – адамды тәрбиелеу.

М.Арын

«Адамның біліміне ақыл серік, Ақыл кен таусылмайтын жанға көрік» – деп, Ақан сері айтпақшы Мұхтар Ғалиұлы Арынов жастайынан ерінбей еңбек етіп, ғылымның ащысымен-тұшысын татып, ыстығымен-суығына төзіп, өз ынта-күшімен таусылмайтын ақыл кенінен сусындап, тоқтамастан ілгері басып талай төбелерге жеткен, өмірінің қай кезеңінде болмасын заманымен қатар жаңашыл ой пайымдай отырып орынды іс атқара білген адам болғаның артында қалдырған баға жетпес ғылыми-практикалық мұрасынан білеміз.

Өткен ғасыр ғылым мен техника даму ғасыры болса, келген ғасыр – адам жанына жетілдіре жәрдемдесетін психология, педагогика ғылымдарының ғасыры болады деген ғалымдардың болжауы бар, сондықтан жаңа психологиялық ғасырдың есігін салауатты ашу мектеп шаңырағынан басталады.

Осыған орай ұлағатты ұстаз Мұхтар Ғалиұлы жана деуір талаптарына сай ұрпақ тәрбиелеу мәселесі бойынша саналы ойларын, пайымды ұсыныстарын Қазақстанның орта мектебін нағыз ұлттық мектеп етіп еңсесін көтеру мәселесін шешуге арнаған.

Ғылыми-педагогикалық әдебиетте ұлттық мектептің моделі айқындалып, тұжырымдамасы толық құрастырылмаған. Дегенмен, жекеленген пікірлер, идеялар, түсіндірмелер негізінде ұлттық мектептің ҚР орта білімді дамыту тұжырымдамасы бойынша төмендегі қысқаша анықтамасын беруге болады.

Нағыз ұлттық мектеп – мемлекетті құратын ұлттың тарихи аумағында қызмет атқаратын және осы аумақта өзінің егемендік білім беру саясатын жүзеге асыратын, оқушыларға ұлттық мінезді және ана тілінің негізінде өз халқының рухани әлемін еркін қалыптастыратын мектеп. Осы анықтамадан көргендей ұлттық мектеп кемінде бес нышанмен сипатталады. Оның біреуінің болмауы ұлттық мектепті кез келген бір тілді оқытатын кәдімгі мектеп қатарына қосады.

Мұхтар Ғалиұлының қазақ мектебінің тәлім-тәрбие үрдісін ұлттық мектеп деңгейіне көтеруге қатысты ұтымды ойларының негізгілеріне тоқтала кетейік:

- Біріншісі, қазақ мектебінің тәлім-тәрбие үрдісін этнопедагогика, этнопсихология негізінде жүзеге асыруын төмендегідей астарлы ойлармен білдіреді: «Мектеп дегенің – халықтың болмысынан қайнап шықса ғана қадірі артады», мұнда ең алдымен «қазақ тілінің балаларды қазақ халқының тарихына үңілдіре, түйсіндіре білу қасиетті борышын» ескере оқытуды көздеу қажеттігін ашады;
- Екіншісі, мектептің мазмұндық сипаттамасын қайта қарастырып, заман талабына сәйкестендіруді ұсынады: «*Көкейкесті мәселенің бірі – қазақ мектебіндегі пәндердің бағдарламалық көлемін қайтадан егдей-тегжейлі қарап, оны бір ізге түсірмей болмайды*»;
- Үшіншісі, мектептің өсіп, өркендеуінің белді факторы ұстаз тұлғасы екенін ескертеді: «Кен пайымдасақ, ұстаз - өмірді біліп, түйсінетін, баланы жақсы көретін, білімді, оны тәрбиеге айналдыруға қабілетті немесе тәрбиені білім арқылы бере алатын адамдар болуға тиіс. ...Қазақ мектебінің алдында тұрған міндеттердің қай-қайсысын да іске асырудың жолдары толып жатыр. Жауапкершілігі ең үлкені – егемен елімізге ұлттың қамын ойлайтын, парасат-пайымы мол азаматтар, ұстаздар керек», - деп, мектептің тағдырын шешуші күштің бірі - ұстаз тұлғасы екенін ашып айтқан.
- Төртіншісі, ұстаз дайындығының сұранысқа сәйкестендірудің ерекшелігін, маңыздылығын атап айтқан: «Тағы бір мәселеге тоқталмай болмайды. Болашақ мамандарды іріктеп алу да үлкен мәселе. Бізде формализм басым, түсу емтихандарын ойлап тапқаньмыз өз алдына, оны бәрменше күрделендіре түстік. Қазіргі түсу емтихандарында кездейсоқтық көп»- деп, педагогикалық

мамандыққа талапкерлерді талдай білудің жаңаша жолдарын іздеу керек екендігін көрсеткен;

- Бесіншісі, мектепте, отбасында қарым-қатынас аясын өркениетті сапада атқарудың ролі аса маңызды екеніне көңіл бөледі: «Психология да қажет. Бала мен ата-ананың, қызметтестердің арасындағы қарым-қатынасқа назар аударып жатқан кім бар?»

Осы мәселелерді шешуге жәрдемдес болатын «Рахат» мектебі: жаңа ғасырға – жаңа мектеп» атты монография жаздым. Ұсынылып отырған «Рахат» мектебінің моделі үлкендер мен балалар арасындағы қайшылықсыз, көтеріңкі көңіл күйдегі өмір салтына жетелейтін қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған. Бұл мектеп тұжырымдамасы төмендегідей проблемаларды шешуге негізделеді:

– мектеп оқушыларының денсаулығы мен жан саулығына зиян келтірмей табиғатына үйлесімді дамуына жәрдемдесу;

– Қазақстан Республикасының ұлттық мектебінің қайта өрлеуін нысаналау;

– жалпы орта білім беруді ізгілендіру;

– мемлекеттің тілдер туралы саясатын жүзеге асыру.

Мұндай модель бойынша мектеп өмірін оңтайлы бағытқа өзгертіп, жігерлі жұмыс атқару тек қана деонтологиялық сана сезімі жоғары деңгейдегі мұғалімдердің қолынан келеді.

Атам заманынан ғалымдардың арасында «нағыз ұстаздық мінез-құлықты» қандай ерекшеліктер, қандай қасиеттер айқындайды деген мәселе мазалауда. Тұлға ерекшелігінің қайсылары ең маңызды, іргелі, нағыз ұстаздың мінез-құлқын, жүріс-тұрыс стилін, адамгершілік сипатын анықтаушысы болып келеді? Үлгі ретінде алатын ұлттың рухы мен талаптарына сай келетін педагогтың әлеуметтік-этикалық кодексін құруға бола ма? Осы сұранысқа сәйкес мұғалім тұлғасын қалыптастыру үшін қандай жағдайлар қажет? Кез келген адам оқытушы-тәрбиелеуші бола ала ма? – деген сауалдар әр дәуірдің ғалымдарын терең ойландырған. Ғалымдардың бір бөлігі мұғалімнің оқушыға деген сүйіспеншілігін, баланы жақсы көру сезімін асыра айтса, екіншілері, кәсіптік білімі мен білгірлігінің мәнін ерекше атап айтады, т.б. Осылардың бәрімен келісе отыра біз ұстаз сипатының ең алдыңғы қатарында кәсіби парыздылық сезімі болу керек деп санаймыз.

Адамның парыздылыққа негізделген жүріс-тұрысы, қылықтары, әрекеттері туралы ғылым – *деонтология*. Парыз – адамға тән азаматтық борыш, қастерлі міндет. Ұстаз қызметіне қатысты деонтология – педагогикалық деонтология, оның мазмұнына мұғалімнің қызметіне байланысты парыздылыққа негізделген этикалық ережелер, нормалар, ұстанымдар жиынтығы жатады. Мұнда оқушы мен мұғалімнің арасындағы сенімділікті қатынастың кепілі бола алатын кәсіптік этиканың қағидалары қарастырылып, мұғалімнің құзыреттілігі, басқа адамдарға, олардың қылықтарына шыдамды болуы, тәлім-тәрбиелік іс-әрекет барысында алынған шешімдерге моральдық жауапкершілігі көрсетіледі.

Педагогикалық деонтологияның мақсаты баланың жеке тұлғасының табиғатына сай дамуына жәрдемдесу мүддесіне сәйкес педагог қызметін нормалау.

Педагогикалық деонтологияның негізгі міндеттері:

- педагогтардың кәсіптік мінез-құлықтарының ұстанымдарын, нормалары мен ережелерін зерттеу;
- педагогтардың мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерін қалыптастыру, реттеу, бағалау;
- педагогтардың кәсіби мінез-құлықтарын анықтаушы сыртқы, ішкі факторлар жүйелерін зерттеу;
- педагогтың жеке тұлғасының маңызды қасиет-қабілеттерін, кәсіптік қарым-қатынас аясында педагогикалық процеске қатысушылардың бірін-бірі қабылдауын, бағалауын зерттеу;
- педагогтың жеке тұлғасының ерекшеліктерінің қызметінің кәсіптік талаптарына сәйкестігін зерттеу;
- педагогикалық қызметте болатын қате іс-әрекетердің зиянды салдарлары мен қолайсыз факторларды жою.

Оның функционалдық мүмкіндіктері:

- ұстаздың қызмет аясында практикалық іс-әрекеттерін реттеуші амалы;
- ұстаз тұлғасын кәсіптік талаптарға сәйкес болуға ынталандыратын күш;
- ұстаздың кәсіптік қызметінде нақты адамгершілік реакциясын тудыратын қабілетті дамытатын тетік;
- оқушының денсаулығына, жан саулығына зиян келтірмей табиғатына үйлесімді дамуына жәрдемдесудің жолы.

Педагогикалық деонтологияға мұғалімнің парызына адалдығы мен кәсібіне сәйкес сана сезімді болуға жетелейтін құқықтық ұстанымдар мен ережелер кешені жатады. Ой топшылай, келе педагогикалық деонтологияға сәйкес ұстаздың мінез-құлқының негізгі іргелі қасиеттері және іс-әрекет стилі, педагогтық ренкі туралы үш пікірге тоқталдық: *адамсүйгіштік* (балаға деген сүйіспеншілік), *парыздылық сана-сезімі* (әділдік, борыш пен жауапкершілік), *білімге* деген, өзіндік ізденіске деген *ұмтылыс*. Осы үшеуін ең негізгісі деп бөлмей бәрі бір деңгейде қарастырылғанын жөн деп санаймыз, яғни, адамсүйгіштік те, білімге деген мөңгілік күштарлық та ұстаз парыздылығы деген қасиетке саяды.

Сондықтан, болашақ мұғалімнің деонтологиялық дайындығына аса көңіл бөліну қажеттілігі күмән тудырмайды. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында маман моделі деген түсінікке көп көңіл бөлінеді. Педагогикалық жоғары білім беру саласында жас маманның деонтологиялық кешені сол моделдің маңызды бір компоненті болу қажеттілігі даусыз.

Педагогикалық деонтологияның басты қағидасының бірі – болашақ қазақ зиялыларын, бүгінгі оқушыны табиғатына сай үйлесімді, дені сау, жан-жақты дамыған адам етуді, ана тілі, өз ұлтының тарихы, өнері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы арқылы жүзеге асыруға жәрдемдесу. Мұндай міндетті тек қана деонтологиялық потенциалы жетілген ұстаз атқара алады демекпіз.

Бүгінгі бала - жана өмірде, жана заңдармен өмір сүріп, әрекет ететін жаңа өлем. Бұрынан қалыптасқан бағдарлама мен тәртіп ол үшін ескірген. Ол барлық тұлғасымен жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделеді. Сонда оған жүйелі жәрдемдесіп, ынта-ықыласың дұрыс бағыттап, қабілет-қасиеттерін

ламытатын сыртқы әсер қажет. Ондай әсерді деонтологиялық тұрғыдан жетілген мұғалімнан күтуге болады.

Бұл ұлы парыздың жетелеуімен жұмыс атқару үшін, қазақ мектебінің мәртебесін Мұхтар Ғалиұлы армандаған деңгейге жеткізу үшін педагог тұлғасының өне бойы кәсіби шеберлігіне қоса отаншылдық сезіміне, ұлттық намысқа толы болуы қажет.

Ал ондай ұстаз дайындау үшін пайдалы болар төмендегідей ұсыныстар жинағы қалыптасты:

1. Жоғары және орта педагогикалық маман дайындайтын оқу орындарының сәйкесті кафедраларында педагогикалық деонтология іліміне басты мәселе ретінде көңіл бөлініп, барлық оқу пәндерінің теориялық, зертханалық, тәжірибелік курстарын тиісті дәрежеге жеткізу;
2. Жоғары және орта педагогикалық маман дайындайтын оқу орындарында «Педагогикалық деонтология негіздері», «Қолданбалы педагогика», «Педагогикалық психология» «Педагогикалық этика» курстарын оқыту;
3. Педагогикалық деонтологияға арналған дәрістер жинағын қалыптастыру, басып шығару, кең қолдануға тарату;
4. Педагогикалық деонтология мәселелерін жүйелі ғылыми зерттелуін ұйымдастыру педагогикалық маман дайындайтын жоғары оқу орындарының ғылыми кеңестерінің күн тәртібінен орнықты орынға ие болатын мәселесіне айналдыру;
5. Педагогикалық деонтология және оны оқу орындарының тәжірибесіне ендіру мәселесі бойынша ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік (халықаралық, республикалық, аумақтық, университеттік, облыстық, қалалық, т.б.) конференциялар, семинарлар өткізуді жоспарлап, жүзеге асыру;
6. Дәрігерлердің Гиппократ анты сияқты болашақ-педагогтардың мемлекеттің, халықтың алдында ант беру рәсімін ұйымдастыру;
7. Жоғары және орта педагогикалық маман дайындайтын оқу орындарына талапкерлерді жүйке жүйесінің, адамгершілікті қасиеттерінің, ынтыққыласының осы кәсіпке бейімділігіне қарай қабылдау;
8. Мұғалімдік, тәрбиешілік қызметке қабылдау тәртібінде талапкердің деонтологиялық сипатын ескеру;
9. Педагогикалық деонтология қағидаларын мектеп мұғалімінің іс-тәжірибесінен орын алу мәселелерін шешу;
10. Мектеп мұғалімдерінің санаттарының талаптарында педагогикалық деонтология талаптарын ескеру;
11. Педагогикалық бағдарлы газет, журналдар бетінде «Педагогикалық деонтология» айдарлы бөлімін ашып, осы тақырыптың әртүрлі мәселелері бойынша ғалымдардың, педагогтардың, философтардың, психологтардың пікірлерін жариялау.

Данышпан бабамыз Абай «қырық бірінші сөзінде»: «...Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен, не жерлеп, не сырлап айтқанменен еш нәрсеге көндіру мүмкін емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен нағандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген. Өздерінің ырбаны

бар ма, пыш-пышы бар ма, гуілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма – сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды, ойласа да бұрыла алмайды, сөз айтсаң, түгел тындап тұра алмайды, не көңілі, не көзі алаңдап тұрады. Енді не қылдық, не болдық!» – деген жан айқайы ой салады.

Педагогикалық деонтологияның ұстанымдарын мектеп мұғалімдері, не болашақ мұғалімдер қорқыту, паралаусыз кәсіби парыздану ықпалы мен игеріп іске қосып жатса – бұл надандықтан кетіп өркениеттікке жақындағанмыздың дәлелі болады.

Әдебиет:

1. Арын М. Рухнама. - Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2003. - 220 б.
2. Абай. Қара сөз. Поэмалар. - Алма-Ата: ЕЛ, 1992. - 72б.